ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:
БСН 080940019334
Астана Тазалық жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ақжол 49\2

IDea Trade жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Шымкент, 192 квартал, 359/29, 14
БСН 130940004338

14501778-3 нөмірлі "Қызметкерлер үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру, өткізу жөніндегі қызметтер" туралы конкурс бойынша

ШАҒЫМ

«Idea Trade» ЖШС осы конкурстың қорытынды хаттамасын қайта қарастыру үшін төмендегі позицияны мәлімдейді:

ГРАНАТ ТОРГ ЖШС бойынша:

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76-пунктіне сәйкес, «конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы **материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен»** жүзеге асады.

Қағидада Конкурстық құжаттамаға Қосымшалардың үлгісі бекітілген.

Материалдық ресурстар бөлігінде әлеуетті өнім беруші жүз шаршы метрден кем емес конференция үшін жайдың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатты көрсетуі талап етілген.

Гранат Торг ЖШС Канапьянова Гульмира Танирбергеновнамен жасалған үй-жайды жалға алу туралы №036М/26 келісім ұсынған. Алайда, жылжымайтын мүлікке және оның техникалық сипаттамаларына қатысты анықтамада меншік құқығын иеленуші *екі жеке тұлға* көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің "Бірлескен меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету" туралы 220-бабының екінші тармағына сәйкес:

Мүлікке билік ету жөніндегі мәмілені қатысушылардың қайсысы жасағанына қарамастан бірлескен меншіктегі мүлікке билік ету барлық қатысушылардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Бұл қатысушылардың қайсысы мүлікке билік ету бойынша мәміле жасағанына қарамастан сұралады.

Гранат Торг ЖШС өтінімінде екінші құқық иеленушінің (Тортаев Ж) мүлікті жалға беруге келісімін растайтын құжат қоса берілмеген.

Салыстыру үшін, Астана қаласында өткен 14381459-1 нөмірлі конкурсына қатысқан әлеуетті қатысушы жоғарыда атап өтілген екінші құқық иеленушінің мүлікті жалға беру келісімін растайтын құжатының қоса берілмеуі себепті Комиссия шешімімен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 212-тармағы 1) тармақшасына сәйкес конкурсқа жіберілмеген.

Оған қоса, шағымды қараған ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті екінші құқық иеленушінің мүлікті жалға беру келісімін растайтын құжатының қоса берілмеуі әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сай келмейтіндігіне дәлел болатындығын растаған. (Қоса берілген Қосымша 1)

Тиісінше, жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, Гранат Торг ЖШС «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағы 1 тармақшасының «конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуымен» **біліктілік талаптарына сәйкес келмейді**.

Осыған байланысты, ағымдағы **қорытынды хаттама нәтижесінің күшін жоюды** және **конкурс қорытындысын қайта қарастыруды** талап етеміз.

Оқу орталығы Зерде ЖШС бойынша:

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76-пунктіне сәйкес, «конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы **материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен»** жүзеге асады.

Қағидада Конкурстық құжаттамаға Қосымшалардың үлгісі бекітілген.

№11 Қосымшаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші материалдық ресурс атауын, қолда бар бірлік санын, жағдайын, меншікті болуы не жалға алынғанын, **растайтын құжат атауын,** күнін және нөмірін толтыруы қажет**.**

Еңбек ресурстары бөлігінде әлеуетті өнім беруші **мамандық (біліктілік) атауын,** қызметкерлердің аты-жөнін, ЖСН нөмірін, біліктілігі туралы құжатты (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың электрондық көшірмелерін қоса беру) толтыруы міндетті.

Конкурстың еңбек ресурстары қатарында әрбір позиция бойынша ұсынылатын маманның біліктілік позициясы бөлек қатарда көрініс табуы талап етілген.

Осы Қосымшаның еңбек ресурстары бөлігінде Зерде оқу орталығы ЖШС Байтабекова Сауле Даулбаевна атындағы құжаттарды тіркеген, алайда, мамандық біліктілік атауы бойынша қандай позицияға қатысты маман екені көрсетілмеген, оның орнына “диплом ЖБ-II №0132141 от 18.04.1997 Рег №33150, электронная сертификат №08210 от 09.11.2024 г” атауы жазылған.

Аталған мәлімет біліктілік атауын білдіретін атау болып танылмайды.

Сонымен қатар, материалдық ресурстар бөлігінде проектор (1) және микрофондардың (2) болуы талап етілген.

Алайда, Зерде оқу орталығы ЖШС микрофон орнына меншіктегі спикерфон құрылғысын ресурс ретінде ұсынған.

Мемлекеттік сатып алу заңы мен техникалық ерекшеліктерге сай, конкурста сұралған құралдың нақты сәйкестігі талап етіледі. Спикерфон – техникалық жағынан микрофонға балама бола алмайды. Әлеуетті өнім беруші хатында және сілтемедегі суреттерде көрсеткендей, спикерфон қолданылу мақсаты мүлде бөлек құрылғы.

Микрофон – бұл белгілі бір бағытта немесе ортада дыбысты қабылдап, оны электрлік сигналға түрлендіруге арналған арнайы құрылғы. Ол дыбысты нақты, сапалы және қажет бағытта қолдауға мүмкіндік береді. Ал спикерфон – негізінен конференц-байланыс үшін жасалған, кіріктірілген динамик жиынтығы болып табылады.

Конкурс талаптарында нақты микрофон сұралған. Бұл бір адамның немесе дыбыс көзінің үнін жоғары сапада беру қажеттігін білдіреді. Ал спикерфон бұл талаптарға сәйкес келмейді, техникалық сипаттамалар бойынша қашықтықтағы дыбысты қабылдау кезінде сапа жоғалуы мүмкін.

Кәсіби микрофондарда дыбыс сезімталдығын, бағыттылығын, сүзгілер мен басқа параметрлерді жеке баптау мүмкіндігі бар. Бұл – нақты орта мен мақсатқа икемделу үшін маңызды. Микрофондар әртүрлі акустикалық жағдайларға (мысалы, жаңғырық көп бөлме, ашық алаң, т.б.) бейімделу үшін жасалады. Олар шуды азайту, фондық дыбысты басу сияқты нақты технологиялармен жабдықталады. Спикерфон мұндай күрделі акустикалық ортада сапалы дыбыс қамтамасыз ете алмайды.

Сонымен қатар, Мак-Сервис ЛТД ЖШС мен Зерде оқу орталығы ЖШС арасындағы №23/AST шартының мазмұнында нысанның қонақ үй қызметтерін көрсететіндігі белгіленген, ал бұл конференц залды жалға алу шартын білдірмейді, оған қоса қолданылатын қызметтер тізбесін резервтік хатпен нақтылауды қажет ету – шарттың алдын-ала (предварительный) келісім сипатын айқындайды әрі құжаттама талаптарына сай емес.

Ал меншікті тұрғын жай (1-қабат) техникалық сипаттама көзделген 2-қабаттан жоғары орналасу талабына сай келмейді.

Тиісінше, жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, Зерде оқу орталығы ЖШС «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағы 1 тармақшасының «конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуымен» **біліктілік талаптарына сәйкес келмейді**.

Осыған байланысты, ағымдағы **қорытынды хаттама нәтижесінің күшін жоюды** және **конкурс қорытындысын қайта қарастыруды** талап етеміз.

Idea Trade ЖШС директоры **Қ.Ұзақ**

(электронды қолтаңбамен расталған)